



Жұлдыз

Аудандық қоғамдық-саяси газет

№19 (7399) (9076)
8 мамыр
жұма
2026 жыл

Звезда

1938 жылдың 5 мамырынан бастап шығып келеді



ҚҰРМЕТТІ

АЛҒА АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ, ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – ел тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету жолында қызмет етіп жүрген азаматтардың ерлігі мен жауапкершілігін айшықтайтын ерекше күн. Отанды қорғау – әрбір азаматтың қасиетті парызы, ал ел игілігі үшін аянбай еңбек ету – үлкен абырой.

Бұл күн бізді бірлікке, отансүйгіштікке және елге деген адалдыққа үндейді. Тәуелсіз еліміздің тыныштығы мен тұрақтылығы – бәрімізге ортақ қастерлі құндылық.

Осы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Еліміздің көк туы әрдайым биікте желбіреп, Қазақстанымыздың мерейі үстем бола берсін!

Ізгі ниетпен,

Алға ауданының әкімі

А.Шүйіншәлиев



ҚҰРМЕТТІ

АЛҒА АУДАНЫНЫҢ ТҰРҒЫНДАРЫ, ҚАДІРЛІ ЖЕРЛЕСТЕР!

Сіздерді 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл күн – ерлік пен қайсарлықтың, батылдық пен бірліктің мәңгілік символы. Жеңіс күні – елге деген сүйіспеншіліктің, Отанға адал қызмет етудің айқын көрінісі болып қала береді. Осындай тағылымды мол мереке бізге бейбіт өмірдің, татулық пен тұрақтылықтың қадірін терең ұғындырады.

Бүгінгі тыныш тіршілік пен жарқын болашақ – бәріміз үшін ең қымбат құндылық. Сондықтан ел ішіндегі бірлік пен өзара сыйластық әрдайым нығая берсін.

Осы мерекеде баршаңызға зор денсаулық, амандық, шаңырақтарыңызға құт-береке, бақ-даулет тілеймін! Елімізде әрдайым бейбітшілік орнап, әр отбасы шаттық пен қуанышқа бөлене берсін!

Ізгі ниетпен,

Алға ауданының әкімі

А.Шүйіншәлиев

Бірлік әуені - ел жүрегінде

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні Алға өңірінде өзіне тән сән-салтанатымен, мазмұнды бағдарламасымен және шынайы көңіл күймен халықтың есінде қалды. «Назран» сауда үйінің орталық алаңында өткен мерекелік шара көпұлтты қоғамның береке-бірлігін айшықтаған тағылымды кешке айналды.



Татулық пен достықты ту еткен, сан ұлттың ортақ құндылыққа айналған ынтымағын айшықтаған «Бірлігіміз жарасқан» атты мерекелік концерттік бағдарлама кеші самалмен бірге өз шымылдығын түрді. Алаңға ағылған тұрғындар мен қала қонақтарын әуелеген әсем әуен құшағына алып, айналаны бір сәтте мерекелік шаттыққа бөледі. Сахнадан төгілген саз бен жүрекке жеткен әуен үйлесімі көпшілік көңілін тербеп, бірлік пен берекенің шынайы лебін сездірді. Заманауи ЛЭД экранмен безендірілген сахна мерекенің мазмұнын айшықтап, әрбір көрініске ерекше реңк берді.

Бұл күн – күнтізбедегі жай ғана дата емес, елдік сананы бекемдейтін, қоғамдық келісімнің тамырын тереңге жайған тағылымды мереке.

Салтанатты кештің шымылдығы ұлттық нақыштағы «Жетіген» биімен түріліп, көрерменді бірден рухани әлемге жетеледі. Әрбір музыкалық нөмір – әр ұлттың бояуы мен болмысын айшықтаған өнер туындысына айналды. Түрік халқының әуезді әні, өзбек халқының сырлы сазы, болгар, тәжік, ұйғыр, шешен билері – барлығы бір сахнада тоғысып, мәдениеттер үндестігін паш етті.

Кеш барысында Алға өнер мектебі хорының әсерлі орындауындағы «Ақкөгершін» әні көрермен жүрегіне бейбітшілік пен үміттің ақ қанатын қақты. Ал жас өнерпаз Барфит Стефанияның орындауындағы «Беу, ай-

дай» әні өнерге деген нағыз құштарлықтың көрінісі болды.

Мерекелік бағдарламаға арнайы шақырылған өнер иелері – Сағынов Нұрладдин мен Көшербаев Ақтілек сахна көркін қыздырып, кештің шырайын аша түсті. Олардың орындауындағы әндер көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп, рухани кештің мазмұнын байыта түсті.

Сондай-ақ, «Гүлдер» балабақшасы ұжымының әзірлеген флешмобы – бірлік идеясын заманауи үлгіде жеткізген әсерлі көрініс болды. Ал әр ұлттың әндері мен билері арқылы берілген композициялар – «Қазақстан – ортақ үйіміз» деген ұстанымның нақты дәлелі іспетті.

Кештің шарықтау шегі – «Атамекен» әнімен түйінделіп, барша көрерменді ортақ сезімге, туған жерге деген шексіз сүйіспеншілікке ұйытты.

Осылайша, тағылымы терең мереке ел жадында тек әсем ән мен жарасымды би арқылы ғана емес, жүректерді жақындатқан шынайы сезімімен қалды. Бұл күн – бірліктің бекем, татулықтың тұғырлы екенін тағы бір мәрте ұғындырған, ортақ құндылықтардың қадірін арттырған айрықша белес болды. «Заң мен тәртіп», «Таза Қазақстан» бастамаларымен сабақтасқан бұл рухани үндестік – қоғамның кемел келешекке деген нық қадамының белгісі. Бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан көпұлтты елдің ынтымағы осылайша уақытпен үндесіп, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасар мәңгілік мұратқа айнала бермек.

1 мамыр - Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесіне арналған «Бірлігіміз жарасқан» атты кеш – көпұлтты Қазақстанның шынайы бейнесін, ортақ құндылықтарға негізделген берік тұғырын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Мадина ТАЖИБЕКОВА

ЧИСТОТА У ПАМЯТНИКА КАК СИМВОЛ УВАЖЕНИЯ

В преддверии Дня Великой Победы в Алгинском районе прошла значимая общественная акция. У памятника воинам, погибшим в годы Великой Отечественной войны, были проведены работы по очистке и благоустройству. Мероприятие было организовано Алгинским районным филиалом партии «AMANAT» в рамках республиканской акции «Таза Қазақстан», направленной на сохранение исторического наследия и формирование бережного отношения к памятным местам.



Память о Великой Отечественной войне не меркнет с годами. Она живёт в сердцах поколений, в тихом шелесте аллеи и в строгом молчании памятников. Каждая весна возвращает нас к истокам мужества и самопожертвования, напоминая о цене мира и свободы. И потому забота о святых местах памяти становится не просто традицией, а внутренней потребностью общества - выражением благодарности тем, кто отстоял будущее.

К благородному делу активно подключились депутаты Алгинского районного маслихата, представители общественности и неравнодушные жители. Совместными усилиями территория памятника была приведена в образцовый порядок - очищена, побелена и подготовлена к предстоящим памятным мероприятиям.

Председатель Алгинского районного маслихата Марат Шамшадинович Тулеуов отметил особую значимость подобных инициатив:

✓ - В рамках акции «Таза Қазақстан» мы уделяем особое внимание благоустройству исторических мест. Это не просто уборка - это дань уважения памяти героев, отдавших свои жизни за мирное небо. В дни празднования Великой Победы жители Алги традиционно выходят на шествие, чтобы почтить память павших. И особенно отрадно видеть, что памятник встречает людей в чистоте и порядке - это вызывает чувство гордости и глубокого уважения. Хочу выразить искреннюю благодарность всем жителям города и депутатам маслихата, которые активно приняли участие в этой работе.



Подобные акции не только преображают облик города, но и укрепляют связь поколений, напоминая о цене мира и важности сохранения исторической памяти. Забота о памятниках - это проявление живой благодарности тем, кто отстоял свободу и независимость, и нравственный долг каждого гражданина.

Жумагуль САГИМБАЕВА

Саз әлемінің сардарына арналған кеш

Алға балалар өнер мектебінің акт залында аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен ұлт өнерінің көшбасшысы Ахмет Жұбановтың 120 жылдығына арналған «Жұбанов әлемі» атты әдеби-сазды кеш өтті.

Айналасын әсем ән мен жырға бөлеп, қазақ даласының ұлы сазгерлерінің, күйшілерінің мол мұрасын жан-жақты зерттеп, халыққа кеңінен таныта білген қайталанбас тұлғаның шығармашылығын насихаттау - бүгінгі ұрпақтың басты міндеттерінің бірі. Ахмет Жұбановтай дара тұлғаның қолы тиген бағалы шығармалар күні бүгінге дейін өз

құнын еш жоймады. Керісінше қайта жанданып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып рухани дем беріп жүр. Ұлы тұлғаға арналған кеш сән-салтанаты жарасқан «Жетіген» биімен бастау алып, одан әрі оның шығармашылық туындыларымен жалғасын тапты.

Әдемі естеліктерге толы кеш барысында Алға балалар өнер мектебінің Хор ұжымының орындауында ұлы сазгердің бейбітшілік пен бірліктің символына айналған ақ көгершін құсына арналған керемет ән «Ақкөгершінді» орындап, көрермендерге жылылық пен ерекше сезім сыйлады. Бұл әнді білмейтіндер кемдекем шығар. Себебі, бұл ән өзінің сазды әуені мен ойға қонымды сөздерімен адам жанын баурап алады. «Ақкөгершін» әні бейбітшілік, бақыт, көктемгі күн сияқты жарқын сәтті суреттейді.

Сонымен қатар кеште ғалымның қазақ мәдениетінің алтын қорына енген шығармалары туралы айтылып, өмір жолынан бір үзік сыр шертетін бейнеролик көрермен назарына ұсынылған болатын. Өмірі мен еңбегі кейінгі ұрпаққа өнеге болып келе жатқан дархан даланың танымал сазгеріне арналып өлеңдер оқылды. Ұлттық өнердің тамырына үңіліп, сол тамырдан нәр алған тұлғаның рухымен сырласу кешінде Алға аудандық мәдениет, тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Баймұрат Махамбетұлы Жаналин лебізін білдіріп, Ізтай Мәмбетов атындағы балалар кітапханасының аға кітапханашысы Тұрмағамбетова Ләззат Елеусізқызы ұлы тұлғаға арналған кітап көрмесіне шолу жасады.

Өңіріміз бойынша әйгілі композитордың

120 жылдығына арналған өнер мерекесі бір аптаға созылды. «Жұбанов көктемі» музыка апталығы аясында Астана қаласынан келген Е.Рахмадиев атындағы мемлекеттік академиялық филармониясы қазақ оркестрі, Ж.Жабаев атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық филармониясы Б.Байқадамов атындағы мемлекеттік хор капелласының, т.б. концерттері мен бірқатар мәдени шара ұйымдастырылып, «Жұбанов көктемі - 2026» халықаралық хор музыка фестивалі өтті. Аудан орталығында өткен «Жұбанов әлемі» атты әдеби-сазды кеші қазақ халқының ұлы перзентіне және өнерге деген көрсетілген жоғары құрмет болды. Қазақ музыкасының алып бәйтерегі Ахмет Жұбановтың есімі мәңгі өлмесі анық.

Марал ЖАЛҒАСҚЫЗЫ